



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ  
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ  
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ  
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ

«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,  
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

II КНИГА



## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Қуанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

**Ибраева Айман Елемановна**, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

**Онищенко Елена Анатольевна**, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1231 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1231 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



УДК 37.02  
ББК 74.00

ӨОЖ 371.13

## БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТЫ САПАЛЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ МАҚСАТЫНДА «КЕРІ ДИЗАЙН» ӘДІСІН ҚОЛДАНУ ЖҮЙЕСІ

Бейсенова Сандугаш Аяпбергеновна  
директордың ӘЖ жөніндегі орынбасары,  
тарих пәні мұғалімі  
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының  
«Қостанай қаласы білім бөлімінің  
С.Мәуленов атындағы гимназиясы» КММ  
Қостанай қ., Қазақстан  
sandugbeisenova@yandex.kz

### Аңдатпа

*Өзектілігі мен мақсаты: Талқылауға салынып отырған тақырыптың басты өзектілігі білім беру мекемелерінде әдістемелік жұмысты сапалы ұйымдастыру. Басты мақсаты «Кері дизайн» әдісі арқылы жұмыс жүйесінде 3 деңгейлік жіктеуді қолдану. Педагогтарды топқа бөлу схемасы мен жүргізілетін жұмыстың алгоритмін жасап шығару. Өз жұмысымызда мінсіз көрінетін қандай да бір жұмыс моделі, өзгелер үшін түсініксіз немесе толық болып көрінбеуі мүмкін. Сол үшін өз мәресіне жеткен қандай да бір бастама, жұмыс әрқашан қайтадан талқыға салынып, ұшталып отыруы керек. Оны кері дизайн әдісі жүзеге асыратыны сөзсіз.*

*Түйін сөз: парадигма, кері дизайн, талдау, жобалау, даму, іске асыру, рефлексия, деңгей, функционалдық сауаттылық, жаһандық құзыреттілік.*

### Аннотация

*Актуальность и цель: Главной актуальностью темы, подлежащей обсуждению, является качественная организация методической работы в образовательных учреждениях. Основная цель - применение 3-уровневой классификации в рабочей системе методом «обратного проектирования». Разработать схему разделения педагогов на группы и алгоритм проводимой работы. Какая-то модель работы, которая выглядит безупречно в нашей работе, может показаться непостижимой или неполной для других. Для этого необходимо, чтобы любая инициатива, работа всегда обсуждалась и доводилась до конца. Это можно реализовать через метод обратного проектирования.*

*Ключевые слова: парадигма, обратный дизайн, анализ, проектирование, развитие, реализация, отражение, уровень, функциональная грамотность, глобальная компетентность*

### Abstract

*Relevance: The main relevance of the topic to be discussed is the qualitative organization of methodological work in educational institutions. To develop a scheme for dividing teachers into groups and an algorithm for the work carried out. Some kind of work model that looks flawless in our work may seem incomprehensible or incomplete to others. To do this, it is necessary that any initiative, work is always discussed and brought to an end. This can be implemented using the reverse design method.*

*Goal: The main goal is to apply a 3-level classification in the working system by the method of «reverse design».*

*Key words: paradigm, reverse design, analysis, design, development, implementation, reflection, level, functional literacy, global competence*

Осы заманғы мектептің қай проблемасын алсақ та, оларды шешу ең алдымен, мұғалімге, оның идеялық нанымна, мамандық білгірлігіне, ой-өрісінің молдығына, педагогикалық шеберлігіне байланысты. Ғылым мен техника ентелей дамыған бүгінгі жағдайда, педагогикалық оқу орындарында алған білім тез ескіретін болған шақта мұғалім мамандығын үздіксіз жетілдіре беру ерекше актуальды болып отыр.

Сондықтан, педагогикалық кадрлардың білімін жетілдіру жұмысының негізгі мазмұны мұғалімнің идеялық-саяси, ғылыми-теориялық, әдістемелік және жалпы мәдени дәрежесін көтерудің біртұтас жұмыс екендігімен белгіленеді. Бұл міндеттер ең алдымен мектепішілік әдістемелік жұмыс процесінде тиімді де нәтижелі шешілмек.

Өйткені бүгінгі күні зерттеу, шығармашылық ойлауды жүзеге асыратын, ғылым жетістіктерін педагогикалық тәжірибеде қолдану арқылы өз қызметінің мазмұнын жаңарта алатын педагогқа деген сұраныс өсіп келеді.

Бүгінгі талқылауға салғалы отырған негізгі тақырып білім беру мекемелерінде әдістемелік жұмысты сапалы ұйымдастыру жолдары болмақ. Осы орайда «сапалы» деген сөзге баса назар аударған абзал. Себебі күнделікті жұмыс жүйесінде шындығында біздер есепке көп мән береміз. Оған бір де бір дәлел сұраныстар бойынша толымсыз есептер.

Қазіргі білім беру парадигмасы: нәтижеге және жеке тұлғаға бағдарлануы. Білім беру – ХХІ ғасырдағы стратегиялық басымдылық. Қоғамның дамуына байланысты, білім беру саласындағы педагогикалық парадигманы жаңа бағытта қарауды қажет етеді. Парадигма ұғымын ғылымға оңшыл бағыт ұстанушы Бергман енгізген, ал оны ары қарай терең зерттеген американдық физик, философ Т.Кун болды. Т.Кун: «Парадигма – қарастырылып отырған кезеңнің нақты ғылыми зерттеулерін (білімін) анықтайтын алғышарттардың (қағидалардың) жиынтығы» – деп атап көрсетті. Парадигма – ғылымның негізгі өлшем бірлігі, нақты ғылыми зерттеулерді анықтайтын және ғылыми практиканың сол кезеңінде жүзеге асатын теориялық және әдіснамалық алғышарттардың жиынтығы. Педагогикалық парадигма – бұл білім беру мақсаттарын шешудегі белгілі стандарт, қалыптасқан көзқарас. Дәстүрлі педагогикада парадигма ретінде қарастырылатындар: оқушы – педагогикалық қарым-қатынас объектісі; мұғалім – басқару органдарының директивті нұсқауларын орындаушы; педагогикалық қарым-қатынас барысындағы тұлғаның ішкі жан дүниесі, әлеуеті.

Ш.А.Амонашвили білім берудің ізгілікті парадигмасын ұсынады. Ал ғалым Е.А.Ямбург парадигманы когнитивтік (интеллектуалды даму) және тұлғалық (эмоционалды және әлеуметтік даму) парадигмалары ретінде ажыратады [1, б. 7].

Неліктен кері әдіс әдістемелік жұмысты ұйымдастыруда тиімді әдісі болып табылады? Ральф Тайлер (1949) шамамен жетпіс жыл бұрын «кері» әрекеттердің логикасын өте айқын және қысқаша сипаттаған. «Дизайн ойлау» алғаш рет АҚШ-та сексенінші жылдары пайда болып, бастапқыда экономика мен бизнес саласында кең қолданысқа ие болды. Кейіннен бұл әдіс қоғамның барлық салаларына ене бастады, мәселен АҚШ-та Ұлыбританияда, Францияда, Италияда «дизайн ойлау» әдісі психологияда, экономикада, инженерлік ғылым салаларында, техникада кең қолданылып келеді. Тоқсаныншы жылдары дизайн ойлау батыс елдерінде білім беру мен ғылымды дамытуда қолданыла бастады. Соңғы жылдары АҚШ-та орта мектептерде аталған бағдарлама кең көлемде жүргізіліп жатыр, осы әдіс жиырма бірінші ғасырдың басында Еуропа мен Ресейде де білім беру жүйесіне кіріктіріліп, жүзеге асырылуда.

Дизайн ойлаудың басты мақсаты қоғамдағы шешілмеген мәселелерді инновациялық және креативті тәсілдерді қолдана отырып анықтау, әрі осы ашылған жаңалықты күнделікті өмірде қолдану. Дизайн ойлау әрекеті бір немесе бірнеше адамның емес, көбінесе үлкен топтың, ұжымның бірлескен әрекеті болып табылады. Дизайн ойлау әдісінің негізін салушылардың бірі американдық Герберт Саймонның айтуынша адам өміріндегі кездесетін қиындықтар мен түрлі мәселелердің шешімін табу, өмір сүруді жеңілдету үшін жасалатын шешімдер мен жаңалықтардың жиынтығы осы әдіс болып табылады. Міне жоғарыда аталған ақпараттарға сүйенетін болсақ, біз өз жұмысымыздың түп төркінің түсіну үшін тереңірек үнілуіміз ауадай қажет екенің ұғынамыз.

Бір сәт өздеріңіздің жұмыс жоспарларыңызға үнілетін болсаңыздар, жұмыстардың басым бөлігі қысқа және ұзақ мерзімді бақылаулар мен есептерге бағытталғаның байқауға болады. Алайда еске түсіретін болсақ әдістемелік жұмыстың негізгі міндеті мен қызмет бағыттары төмендегідей:

## **1. ТАЛДАУ**

<b>Нені басшылыққа алып жүрміз?</b>	<b>Нені басшылыққа алу керек?</b>
Пәндер бойынша білім деңгейінің қорытындыларын талдау	Сабақ беру әдістемесін жетілдіру
Оқу әдістемелік және дидактикалық материалдарды талдау	Мұғалімдердің педагогикалық біліктілігін көтеру
Пәндер бойынша ашық сабақтар және ашық сыныптан тыс іс-шаралар өткізу	Педагогикалық эксперименттерді жүргізу
Оқушылардың зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, жетекшілік жасау және бақылау мәселелерін қарастыру	Пән бойынша оқу-тәрбие, әдістемелік, эксперименттік жұмыстарды жоғары кәсіби деңгейде ұйымдастыру
Пәндер бойынша сайыстар, олимпиадалар, жарыстар өткізу туралы ережелер жасау	Тәжірибе таратуға жағдай жасау
Оқу сабақтарының өткізу сапасын бақылау	Технологиялық педагогикалық- психологиялық қолдау
Өзара сабаққа ену;	Өзін – өзі басқару менеджментін қалыптастыру



Осы екі салыстыру бағаны біздің жұмысымыздағы кейбір кемшіліктерді анық көрсетіп тұрғандай [2, б.13].

Білім беру үрдісін басқаруда әдістемелік жұмыс ең негізгі бөлік болып табылады. Оның негізгі қызметі – педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру және диагностикалық, аналитикалық, ақпараттық іс-әрекетін дамыту. Осыған байланысты әдістемелік жұмыстың құрылымы да, мазмұны да жыл өткен сайын жаңара түсуде.

Әдістемелік жұмыстың ең негізгі ерекшелігі – күнделікті педагогикалық іс-әрекетпен тығыз байланыста болу, сол негізде туындайтын мәселелерді тани білу және оны шешудің ұтымды жолдарын қарастыру.

Әдістемелік жұмысты жоспарлағанда басқарушы алдымен оның мәні мен міндеттерін анықтап алу керек. Төмендегі аспектілерге байланысты әдістемелік жұмыстың мазмұны анықталады:

- педагогикалық ынтымақтастық негізінде оқу-тәрбие жұмысын демократияландыру;
- шығармашылықпен жұмыс жасайтын мұғалімдер мен жаңашыл ұстаздар іс-тәжірибесі негізінде оқыту мен тәрбиелеудің жаңа әдісін үйрену;
- оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруге бағытталған білім беру басқармасының нормативтік құжаттарын оқу;
- білім беру үдерісін басқарудың проблемасы мен оқушыны оқыту және тәрбиелеудегі психологиялық – педагогикалық проблемаларын зерттеу;
- оқыту мен тәрбиелеудің жеке басқа бағытталған ақпараттық технологиясын оқу үдерісіне енгізу;
- оқу-тәрбие үдерісіне мониторинг пен диагностиканы жүргізу, мұғалімдермен және оқушылармен диагностикалық мәліметтер негізінде жұмысты ұйымдастыру.

Жоғарыда қарастырылған әдістемелік жұмыстың аспектілері білім беру үдерісінің барлық қатысушыларын қамтиды, басқарудың барлық деңгейінің проблемасын шешуге мүмкіндік береді. Әдістемелік жұмыстың міндеттері мен проблемаларын шешіп, оны іс жүзіне асару үшін оның формасы таңдап алынады. Әдістемелік жұмыс жүйесі мұғалімдердің үздіксіз білім беру жүйесі ретінде берілген.

Бұл кемшіліктерге көзіміз жеткеннен кейін келесі біздің әрекетіміз төмендегідей болды. Біз ұжымдағы 45 педагогты саралай келе 3 деңгейлік топқа жіктедік. Олар:

## 2. ЖОБАЛАУ

Бірінші деңгейге бөлуде ұстанатын мақсат- Жаңартылған білім мазмұның игерген, ҚМЖ жасай алатын, сабақтарда заманауи әдіс-тәсілдерді қолданып күнделікті сабақтарды ұйымдастыратын, негізгі базалық білімі бар жалпы гимназиядағы барлық педагогтарды кіргізу [4, б. 7].

Екінші деңгейге бөлуде ұстанатын мақсат –өз жұмыс жүйесінде сыни тұрғыдан ойлау бойынша әдіс- тәсілдерді қолданып жұмыс жасайтын педагогтар, оқушылардың бойындағы дарындылықты дамытуға барыншы септігін тигізетін пән мұғалімдері, өзінің кәсіби деңгейін жетілдіретін, шебер және зерттеуші біліктілігі, жоғары және бірінші біліктілік санаты бар, 1,2,3 деңгейлік курстардан өткен, жаттықтырушы сертификаты бар, коучингтер жүргізетін гимназия мұғалімдерінің көпшіл бөлігін жатқызу.

Үшінші деңгейге бөлуде ұстанатын мақсат -Зерттеу жүргізушілер, тәжірибе таратушылар, Республикалық деңгейде лицензиялық жұмыстар жазушылар, шығармашылық топта жұмыс жасайтын, әкімшілік бақылау тобына кіретін кейбір мұғалімдер санатын кіргізу [3, б.17].

3. ДАМУ – Жүзеге асыру үшін ілгеріге жетелеу тактикасын басшылыққа ала отырып, өз жұмысымызды ұйымдастыру үшін кері дизайн әдісін қолдану тиімді болатына көзімізді жеткіздік.

«Нені басшылыққа алу керек?»деген бағытты ұстана отырып, гимназия ұжымында педагогтер арасында төмендегідей жұмыстар жүргізіледі.

### Педагогтарды топқа бөлу схемасы мен жүргізілетін жұмыстың алгоритімі

деңгейге бөлу →	ілгерілеуге жетелу →	кері дизайн
-----------------	----------------------	-------------



4. ІСКЕ АСЫРУ – жүзеге асыру үшін мен өз жұмысымда төмендегі жүйені қолданып отырмын. Ол жүйе ADDIE – деп аталады. Аудармасы кері дизайн. Бұл жүйе жалпы төмендегі бағыттардан тұрады.

- ▶ Талдау
- ▶ Дизайн (Жобалау)
- ▶ Даму
- ▶ Іске асыру
- ▶ Бағалау

ADDIE жүйесінің артықшылықтары мен кемшіліктері тоқталатын болсақ басты артықшылықтары, ол оқу дизайны процесінде персоналды оқыту және дамыту бойынша басшылыққа алу үшін құрылымдық құрылымды ұсынады.

Бастапқы нүктені қамтамасыз етеді-көбінесе бастапқы нүктені іздеу жобаның ең қиын бөлігі болып табылады. Addie көмегімен сіз үшін қадамдар мен олардың нәтижелері көрсетілген.

Мақсатқа бағытталған көрініс-ADDIE моделі бағдарламаның жалпы мақсаттарын анықтау үшін егжей-тегжейлі зерттеуден басталады. Бұл мақсаттардың келесі қадамдарда басты назарда болуын қамтамасыз етеді.

Салаға / аудиторияға / мақсатқа қарамастан-ADDIE-бұл кез-келген салаға немесе аудиторияға қолданылатын және белгілі бір мақсатқа тәуелді емес әмбебап модель.

Өзін – өзі жетілдіру-болашақ талдауды ескере отырып, егжей-тегжейлі бағалау арқылы ADDIE моделі оқу және даму бағдарламаларының уақыт өте келе жақсаруын қамтамасыз етеді.

Ал кемшіліктеріне тоқтап өтетін болсақ, біріншіден – көп еңбекті қажет етеді, екіншіден – өзгерістерге бейімделу және жаңа ақпаратқа жауап беру қиын болуы мүмкін.


5. БАҒАЛАУҒА -келетін болсам жалпы кері дизайнды қолдану арқылы әдістемелік жұмысты ұйымдастыру дәстүрлі жұмыс жүйесіне қарағанда өзгеше. Басты себебі егерде біз бұған дейін жұмысты ұйымдастыру үшін әрекетті жоспар құрудан бастайтын болсақ, бұл орайда керісінше қандай нәтиже көргіміз келеді соңы жобалап аламыз. Соған апаратын жолдың макетін жасаймыз, оны жүзеге асыру әрекеттері мен әдістерін қарастырамыз, сосын барып жоспар құруға кірісеміз. Оны мыңа схемадан көруге болады.

Әдістемелік жұмысты сапалы ұйымдастыру мақсатында «кері дизайн» әдісін қолдану жүйесі бойынша түсіндіру жұмыстары әдістемелік отырыстарда, педагогикалық кеңестерде, директор жанындағы отырыстарда, шығармашылық топтардың отырыстарында талқыға салынды. Жұмыс жүйесінің артықшылықтары мен кемшіліктері талданды. Сол жүргізілген жұмыстардың негізінде сауалнама алынды. Сауалнама жеті сұрақ бойынша бағаланды. Сауалнаманың қорытындысы негізінде әліде ақсап отырған тұстар жақсы көрінді. Бұл кері дизайн әдісі бойынша жұмыс жүйесінің қайта айналып келіп атқарылған жұмыстардың кемшілік тұстарын қайта қарастыруға ыңғайлы әрі тиімді екенің көрсетеді.

Кері дизайн бойынша бағалау барысында жоспарға еңгізілген өзгертулер төмендегідей болып отыр.

Мәселен:

- ▶ Рефлексия мәдениетін қалыптастыру;
- ▶ Мұғалім субъектісін дамыту;
- ▶ Психологиялық – педагогикалық технологияны жетілдіру;
- ▶ Өзін – өзі басқару менеджментін қалыптастыру;
- ▶ Функционалдық сауаттылығын дамыту;
- ▶ Жаһандық құзыреттілігін қалыптастыру.



(Сурет 1)

Оның дәлелі өздеріңіз көріп отырған жұмыс жоспарына еңгізілген өзгертулер фотосы.Сөз соныңда айтарым, кері дизайнды жұмыс жүйесінде қолдану, осыған дейінгі дәстүрлі көз қарастарды өзгертуді басты бағыттардың бірі болмақ.

Жаңа ғасырда төмендегідей қажетті аса маңызды дағдылардың дамуын қамтамасыз ету міндеттерін шешу көзделеді:

- үздіксіз, ашық білім беруге ауысу;
- сыни тұрғыдан ойлау және туындаған мәселелерді шеше білу;
  - ұжымдық жұмыс және көшбасшылық қасиеттері;
- икемділік, бастамашылық және кәсіпкерлік дағдылар;
- өз ойын ауызша және жазбаша, сауатты жеткізе білу;
- ақпаратты іздеу, таба білу қабілеті және білімге құштарлық [1, б. 8].

Осы жоғарыда аталған мәселелерді қорыта келе, жасалған тұжырым сипаты төмендегідей. Әдістемелік жұмыстың міндеттерін қоюға қойылатын заманауи талаптар мыналардан тұрады:

- қоғамның білім беру қажеттіліктерін зерттеу;
- білім беру жұмысының жай-күйін талдау ұйымдар;
- дамудың негізгі бағыттары бойынша ақпарат банкі қалыптастыру
- білім беру жүйелері (бағдарламалар, технологиялар, әдістемелік әдебиеттер және т. б.);

- білім беру процесінің жоғары сапасын қамтамасыз ету
- жаңа буын бағдарламаларын, технологияларын енгізу;
- педагогикалық тәжірибенің нәтижелілігін анықтау, зерттеу және бағалау
- болжау, жоспарлау және арттыру және дамыту бойынша жұмыс
- мекеменің педагогикалық ұжымының кәсіби құзыреттілігі
- оларға үздіксіз жүйеде ұйымдастырушылық-әдістемелік көмек көрсетуді білім беру;
- педагог қызметкерлерге инновациялық қолдау көрсету
- аттестаттауға дайындалуға көмек көрсету;
- өткізу кезінде ғылым мекемелерімен бірлескен жұмысты ұйымдастыру

Негізгі түйін өз жұмысымызда мінсіз көрінетін қандай да бір жұмыс моделі, өзгелер үшін түсініксіз немесе толық болып көрінбеуі мүмкін. Сол үшін өз мәресіне жеткен қандай да бір бастама, жұмыс әрқашан қайтадан талқыға салынып, ұшталып отыруы керек. Оны кері дизайнын әдісі жүзеге асыратыны сөзсіз.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Бұзаубақова К.Ж. Педагогика: Оқулық / 2019. -329 б.
2. Мектептегі кешенді әдістемелік жұмыс: ұйымдастыру принциптері, мазмұны, басқару: ҚР БҒМ «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының филиалы Павлодар облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты. Павлодар 2014. -88 б.
3. Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесінің әдіснамасы: Оқу-әдістемелік құралы / О.И.Можаева, А.С. Шилибекова, Д.Б. Зиеденова – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2017. – 38 б.
4. Зимняя И.А. Ключевые компетенции -новая парадигма результатов образования // Высшее образование, 2003. – №5. – 42 б
5. [https://kk.wikidea.ru/wiki/Backward\\_design#cite\\_note-1](https://kk.wikidea.ru/wiki/Backward_design#cite_note-1)
6. <https://bilimainasy.kz/дизайн-ойлау-оқыту-мен-білім-беруде/>

**УДК 378.025.7:165.323**

### **ГОТОВНОСТЬ ПЕДАГОГА К РАЗВИТИЮ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ СТУДЕНТОВ В ВУЗЕ**

Бекбаева Жанар Сабыровна  
доктор философии (PhD),  
старший преподаватель  
Казахский агротехнический университет  
имени С.Сейфуллина  
г. Астана, Казахстан  
zhan2710@mail.ru

#### **Аннотация**

*В работе рассматривается вопрос готовности педагога использовать инновационные технологии в системе высшего образования, в том числе технологию критического мышления. Авторы представили результаты проведенного анкетирования среди слушателей курсов педагогического мастерства.*

**Ключевые слова:** *высшее образование, критическое мышление, готовность педагога к инновационной деятельности.*

#### **Аңдатпа**

*Жұмыста мұғалімнің жоғары білім беру жүйесінде инновациялық технологияларды, оның ішінде сыни тұрғыдан ойлау технологиясын пайдалануға дайындығы мәселесі қарастырылған. Авторлар педагогикалық шеберлік курстарының студенттері арасында жүргізілген сауалнама нәтижелерін ұсынды.*

**Түйін сөздер:** *жоғары білім беру, сыни тұрғыдан ойлау, мұғалімнің инновациялық іс-әрекетке дайындығы*

#### **Abstract**

*The article explores the issue of the readiness of teacher to using innovative technologies in the system of higher education, including the technology of critical thinking. The authors presented the results of the survey among participators of pedagogical skills courses.*